

Медиасын пәнінің емтихан сұрақтары.

Күзгі семестр 2024 Магистратура 2 курс

- 1.Шығармашылық аспектілерге баса назар аударылады: журналистердің, редакторлардың, продюсерлердің, режиссерлердің медиашығармашылығы дегенді түсіндіріңіз.
- 2.Медиасын мәтіні көбінесе үш компонентті біріктіреді: ақпараттық, журналистік, аналитикалық. Осы типтегі мәтіндер үшін медиа сыншының журналистік хабарламасы міндетті болып табылады дегенді қалай түсінесіз?
- 3.БАҚ жұмысының құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық, қаржылық, экономикалық аспектілері де қарастырылуы мүмкін, оны қалай бағалайсыз?
- 4.Медиа сынды кино сынымен немесе әдеби сынмен шатастыруға болмайды. Тарихи тұрғыдан алғанда, олар өзіндік ерекшелігі мен жанрлар жүйесі бар деген түсінік туралы жазыңыз.
- 5.Медиа кеңістікке және кәсіби журналистикаға әсері көбірек байқалатын блогерлердің, яғни, блогосфераны түсіну бұқаралық ақпарат құралдарының сынына қызығушылық тудырады дегенді түсіндіріңіз.
- 6.Ақпараттық медиакоммуникация құралдарындағы танымал журналистердің шығармашылығы жөнінде жазыңыз.
- 7.«Қазақ әдебиеті» газетінің бір шығарылымын талдаңыз. Газеттің әр бетіндегі материалдарды сыни тұрғыдан сараптама жасаңыз. Газет және оқырман дегенді қалай түсінесіз?
- 8.«АНА ТІЛ» басылымының бір нөміріне талдау жасай отырып, жанрлық ерекшелігі мен мазмұндық сипатын түсіндіріңіз. Газеттің әлеуметтілігі және оқырман белсенділігі дегенді түсіндіріңіз.
- 9.«Егемен Қазақстан» газетінің медиамәтіндік саяси және әлеуметтік мәнін талдап, сараптап, өзіндік пікір, көзқарас танытыңыз.
- 10.Әдеби сын медиасынның айырмашылығын және көкемдік ерекшеліктерін мысалмен жазыңыз. Кімдердің шығармаларына көңіл бөлген болар едіңіз. Шығармашылықтарын атап, мәнін ашыңыз және ондағы сын және қоғамдық мәселе мәнісін түсіндіріп жазыңыз.
- 11.Медиа қауымдастық дегенді түсіндіріп жазыңыз. «Қазақстан», «Хабар» телеарнасынан берілетін телехабарлардың сипатын қалай түсіндірер едіңіз?
- 12.КТК және ВВС телекорпорациясының, CNN телеарналарының тәуелсіз ақпараттық шығарылымын үлгі ретінде қалай түсіндірген болар едіңіз? Ойыңызды ашық айтып, еркін жазап түсіндіріңіз. Бұл мәселе төңірегінде ойыңыз қалай? Жазыңыз.